

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 желтоқсан N 1299

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы" акционерлік қоғамын құру туралы" 1998 жылғы 24 шілдедегі N 691 P980691_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына шешімдеріне өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламаның негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштері туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы N 1002 P971002_ қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Телекоммуникациялар мен байланыстың қазіргі заманғы жүйелерін құру" республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламасының 1997-2000 жылдарға арналған негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштерінде:

б - т а р а у д а :

екінші абзацтағы "Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталықтың (РЭБ ҰО)" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының ("РЭБ ҰО" АҚ)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"РЭБ ҰО" АҚ жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарынан бастап түпкілікті өнімді шығаруға және оны сатуға дейінгі ғылыми-техникалық қызмет желісінің үзіліссіздігін қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық және өндірістік инфрақұрылымға ие болады";

7-тараудағы "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі Ұлттық орталығы" деген сөздер "РЭБ ҰО" АҚ" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ақпаратты қорғау жөніндегі ұлттық стандарттардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы" 1998 жылғы 3 маусымдағы N 507 P980507_ қаулысына:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Радиоэлектроника және байланыс ұлттық орталығы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Радиожилік спектрін мемлекеттік

мұқтаждар үшін пайдаланудың тәртібі туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі N 652 P980652

қ а у л ы с ы н а :

8-тармақтағы "Қазақстан Республикасының радиоэлектроника және байланыс ұлттық орталығы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2 . М ы н а л а р д ы ң :

1) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының радиоэлектроника мен байланыс жөніндегі Ұлттық орталығының қызметін қамтамасыз ету шаралары туралы" 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 8 P940008_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 1, 5-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Сарышаған" сынақ полигонының босаған объектілерін пайдалану жөніндегі кейбір шаралар туралы" 1994 жылғы 11 қазандағы N 1155 P941155_ қаулысының;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми орталықтарының қызметі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 1996 жылғы 28 желтоқсандағы N 1668 қаулысымен (Қазақстан Республикасының

ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 511-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4-тармағының күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі